

26 қараша  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## ЕҢБЕК ДАҢҚЫ МЕН АЛҒЫС КҮНІ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ. БҰЛ САЛАДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӘРҚАШАН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. ДИҚАННЫҢ МАНДАЙ ТЕРІМЕН БАПТАЛҒАН ЕГІН, МАЛШЫНЫҢ ЕРІНБЕЙ БАҚқан МАЛЫ – БАРША ХАЛЫҚТЫҢ ИГЛІГІ. СОЛ ЕҢБЕКТИҢ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАЙТЫН, БЕРЕКЕСІН АТАП ӨТЕТІН КҮН – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ.



Биыл бұл мереке ерекше ауқымда аталып өтті. Аймақтағы барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлері бір ортаға жиналып, бір жыл бойғы жұмыстың қорытындысын жасады. Мерекелік шараға шаруашылық жетекшілері, еңбек ардагерлері, жас мамандар және өз саласының үздіктері қатысты. Әрқайсысының еңбегі лайықты бағаланып, құрметке бөленді. Шараның ресми бөлімінде

аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы үздік еңбеккерлерді облыс әкімі Асхат Шахаровтың алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар, көктемгі су тасқыны кезінде аудан халқына демеушілік көрсеткені үшін аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталған кәсіпкерлер де болды. Диқаншылар мен малшыларға алғыс хаттар, грамоталар және естелік сыйлықтар табыс етілді. Биылғы жылдың нәтижелері бойынша аудан-

ның алдыңғы қатарлы шаруашылықтары атап өтілді. Шара төл мереке иелеріне арнап ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасты. Өнерпаздар халық әндері мен билерін орындап, мерекенің сәнін келтірді. Бұл мереке – ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген жандардың жанқиярлық еңбегін танудың бір көрінісі. Олардың маңдай тері мен қажыр-қайратының

арқасында халыққа сапалы азық-түлік пен тұрақтылық қамтамасыз етілуде. Осылайша, мереке ауыл еңбеккерлерінің мәртебесін көтеріп, жас ұрпақты еңбекке баулу мен ауыл шаруашылығына қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосуда. Бұл күн – тек марапат пен құрмет күні ғана емес, болашаққа жаңа мақсаттар қойып, ауыл шаруашылығының одан әрі өркендеуіне серпін беретін күн.

## ӘДЕП - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БЕДЕЛІН АНЫҚТАЙДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ДЕПАРТАМЕНТІ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДЕР, ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕРДІҢ АППАРАТ БАСШЫЛАРЫ АРАСЫНДА СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.



Семинар барысында Әдеп кодексі нормаларын сақтаудың маңыздылығына, сондай-ақ мемлекеттік меншіктің сақталуына, оның ішінде қызметтік автокөліктерді пайдалануға, оны тек қызметтік мақсаттарда қамтамасыз етуге баса назар аударылды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту тәжірибесі талқыланып, құмар ойындарға байланысты шектеулер және мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша түсіндірме берілді.

Әдеп жөніндегі уәкілдерге әдеп нормаларын бұзудың алдын алуға, мемлекеттік қызметшілердің әдеп деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу сұралды. Қазіргі уақытта, әдеп жөніндегі уәкілдің функцияларын облыстың 42 мемлекеттік органында жүзеге асырылады.

15 — Жергілікті атқарушы органдарда, 25 — орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде және бір — бірден облыстық мәслихат пен Тексеру комиссиясында ұсынылған. Қойылған мақсатқа жету үшін әдеп жөніндегі уәкілдер үнемі семинарлар, дәрістер өткізеді, БАҚ-та түсіндірмелер береді. Мемлекеттік қызмет істері департаменті тарапынан тұрақты түрде Әдеп жөніндегі уәкілдерге кеңестер беріледі және олардың қатысуымен семинарлар, дөңгелек үстелдер және профилактикалық іс-шаралар өткізіледі.

**Ж.ЖАМАНҚҰЛОВ,**  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ ДАМБЫЛАР НЕГЕ ӘЛІ ЖӨНДЕЛГЕН ЖОҚ?

Биылғы көктемгі су тасқыны өзен жағалай қоныстанған шаруалардың шабындықтарын шайып, ғимараттарын қиратып, ауыл тұрғындарының үйлерін зақымдады. Ойыл тұрғындары биліктен қорғаушы құрылымдарды қалпына келтіруді тездетуді сұрайды, осылайша болашақта мұндай жағдайлардың қайталануы болдырмауы үшін. Бұл мәселе өңірлік "Атамекеннің" директоры Дидар Боранқұловтың аудан кәсіпкерлерімен, прокурор және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуінде көтерілді. Ақтөбеде "КазСуШар" филиалының өкілі қатысты. "Бүгінгі күні барлық шайылған бөгеттер мен құрылымдардың ақау актісі жасалып, қалпына келтіруге арналған сметалар министрлікке қаржыландыруды бекіту үшін жіберілді. Бұл тек Ойыл бойынша ғана емес, сонымен қатар ТЖ режимі жарияланған аудандардың бөлімінде смета әзірледік, оның ішінде Ойыл бойынша "Қиыл-Тассай" және "Тамды-

көл" учаскелерін жөндеу үшін 200 млн. теңге сұралып отыр. Алайда, егер қаржыландыру



бөлінсе де, біз қыс мезгілінде жұмыс бастамаймыз, және келесі көктемнің қалай болатыны белгісіз. Біз толық тексеру актісін көктемде өткізіп, жергілікті тұрғындармен және шаруашылықтармен барлық ұсыныстарды қарастыруға дайынбыз", - деді Ақтөбе филиалының өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Тимур Тілеуов. Сонымен қатар, ол саланың кадр жетіспеушілігі және арнайы техника тапшылығы мәселесін айтты. Бүгінгі күні облыс бойынша олардың балансында тек 17

техника бар, соның ішінде 10-ы істен шыққан. Аймақтық өкілдіктер жаңадан құрылған

Сонымен қатар, фермерлер жұмыс күшін және арнайы техника үшін жанар-жағар маймен қамтамасыз ету жағынан көмек көрсетуге дайын екендігін айтты. Демек, Ойыл ауданы кәсіпкерлерінің "КазСуШар" ұйымының су тасқынынан зардап шеккен бөгеттерді қалпына келтірудегі әрекетсіздігіне наразылық білдіруінің себебі арнаулы маманның жауабынан-ақ көрініп тұр. Аудан прокуроры Ақеділ Усенов жұмыс жоспарын әзірлеп, өкімшілікпен бірлесіп отырып, ұсыныстарды талқылау және қалпына келтіру шараларын жүргізуді ұсынды. Биылғы желтоқсанда бұл тақырыпта кең көлемді жиналыс өткізуді жоспарлап қойды. Кәсіпкерлер су тасқынынан келген зиянды өтемақы алу мәселелерін де көтерді. Мысалы, алма өсіретін Дидархан Айдаров 1200 түп алма ағашынан айырылып қалған, және қоршаудың бұзылғанын және капиллярлы суару жүйесінің зақымдалғанын хабарлады. "2019 жылдан бері бақша шаруашылығымен айналысамын. Өз қаражатыммен бастаған едім, 2020 жылы 3 миллион теңге көлемінде


грант ұтып алдым. Алма көшеттерін Оралдан сатып алғанмын және Ресейден әкелдім. Өз есептерім бойынша, зиян шамамен 7 миллион теңгені құрайды, бірақ менің өтінімім жергілікті әкімдікте сәйкес баптың болмауына байланысты мақұлданбайды," - деді кәсіпкер. Бұл мәселені аудан прокуроры бақылауына алды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өз өнімдерін сатудың нарықтары туралы мәселелерді талқылап өтті. Барлық сұрақтар назарға алынған. Сонымен қатар, жергілікті акиматтың ТҮКШ бөлімінің өкілдеріне бірқатар ұсынымдар берілді.

Кездесудің нәтижелері туралы толық ақпарат жақын арада ҰКП сайтында жарияланады. Жоспарлы жиыннан соң "Атамекеннің" аймақтық филиалының директоры Дидар Боранқұлов аудандық кәсіпкерлік кеңестің мүшелерімен кездесті. Кездесуде осы уақытқа дейін аудандық кәсіпкерлік кеңеске төрағалық еткен белгілі кәсіпкер С партак Төрөмұратовқа алғысын айтып, кеңестің жаңа төрағасы Серікбай Қойбағаровқа сәттілік тіледі. Сонымен қатар, келелі мәселелерді шешуде ұсыныстарын атқарушы билікке жеткізу үшін кәсіпкерлерді белсенділік танытуға шақырды.



**EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА КРЕДИТТІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТАРИХЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ ПАЙДА БОЛДЫ**

EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА «КРЕДИТТІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТАРИХЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ» АТТЫ ЖАҢА СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. ЕНДІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ӨЗДЕРІНІҢ НЕСИЕ АЛУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТАРИХЫН ҚАДАҒАЛАП, ЖАЛПЫ КРЕДИТТІК ҚАБІЛЕТТІЛІК ДЕҢГЕЙІН ОНЛАЙН БАҒАЛАЙ АЛАДЫ.



Сервис «Кредиттеу» және «Сақтандыру» атты бөлімдерден тұрады. Бұл бөлімдерде пайдаланушы бұрын алған несиелері мен сақтандыру қызметтері туралы АО «Мемлекеттік несиелік бюро» деректеріне негізделген өзекті ақпарат ұсынылған.

«Кредиттеу» бөлімінде пайдаланушының соңғы бес жылдағы несиелік алу тарихы туралы есеп, белсенді несиелік міндеттемелері мен скорингтік балл (скорингтік балл – пайдаланушының несиелік қабілеттілігінің деңгейін көрсететін көрсеткіш) ұсынылады. Осы несиелік алу тарихының деректері негізінде қалыптасады және пайдаланушыға өзінің несиелік беделін бағалауға көмектеседі. Скорингтік балл тек ақпараттық сипатта ғана және пайдаланушылар үшін оның кредиттік мінез-құлқын бағалауға арналғанын айта кету керек.

«Сақтандыру» бөлімінде пайдаланушыға бұрын жасалған сақтандыру шарттары мен полистері туралы жалпы есеп, сондай-ақ міндетті автосақтандыру құнына әсер ететін бонус-малус классы туралы ақпарат қолжетімді.

Егер алынған мәліметтер бойынша сұрақтар туындаса, пайдаланушы тікелей кредит

берушіге немесе сақтандыру компаниясына жүгінуі қажет. Жаңа сервисің барлық функциялары тегін беріледі, бұл еGov Mobile пайдаланушылары үшін «Кредиттік және сақтандыру тарихы бойынша нұсқаулық» қолжетімді етеді.

**СЕРВИСТІ ПАЙДАЛАНУҒА ҮШІН ПАЙДАЛАНАУ:**

- еGov Mobile қосымшасында авторизацияланып, «Басқа сервистер» - «МКБ. Кредиттік және сақтандыру тарихы бойынша нұсқаулық» бөліміне өту;

- жеке деректерді пайдалануға келісім беру;

- кредиттер мен сақтандыру шарттары туралы мәліметпен танысу;

- кредиттік және/немесе сақтандыру есебін жүктеу;

- қажет болған жағдайда файлдарды смартфонға сақтауы қажет.

Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагул Сейдахметова, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН ТАҢЫЗДЫ!

«QAZAQGAZ AİMAQ» АҚ АҰА-РАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ЖЫЛЫТУ МАУСАҒЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ ҚАҰПИ АРТҚАНЫН ЕСКЕРТЕДІ. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, СТАТИСТИКА БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫН ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ БҰЛ ЕСКЕРТУЛЕРГЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАЙТЫНЫН КӨРСЕТЕДІ.

Газ қызметкерлері үшін анықталған нәрсе – орын алған қайғылы жағдайлар, негізінен, газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан болады.

Оған себеп - зардап шеккендердің жылыту құралдарын пайдалануға немқұрайлы қарауы, оларды өз бетінше қосуы, құрастыруы немесе орнын ауыстыруы, қолдан жасалған газ жабдықтарын пайдалануы, тамақ дайындауға арналған газ жабдығымен үй-жайларды жылытуы, техникалық қызмет көрсетуді орындамауы, мұржаның түтін тартуын тексермеуі.



Ауа желдетілуі жеткілікті қамтамасыз етілмеген үй-жайда, терезелер, желдету арналары жабық кезде, кірпіш, сылақ тығыздығы бұзылған кезде газ аспаптарын пайдалану нәтижесінде газ түтіні сыртқа шықпай, үй-жайда улы газ жиналады! Улы газдың өте аз мөлшерінің өзі қанмен тез араласады, адам тез уланады. Бөлмеде 0,5% улы газ жиналса болды, осы мөлшердің өзі 20 минуттан кейін адамның жүрегі тоқтайтындай уландырады!

Сондықтан мұржа мен желдету арналарының дұрыс жұмыс істеуі - СІЗДІҢ қауіпсіздігіңіз бен денсаулығыңыздың кепілі, өйткені улы газбен уланудың ең көп оқиғасы мұржаның тұтастығы бұзылғандықтан немесе түтіннің тартпауынан туындайды.

Есіңізде болсын! Жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қауіпсіз пайдалануға және желдету арналары мен түтін мұржаларының жарамды жай-күйіне үй иелері жауапты!

Бірақ, өкінішке орай, үй иелері мұржаларды үнемі тазалап, тексеріп тұруға салғырт қарайды. Мұржаның тұтастығын, оның бітелмеуін және түтіннің тартылуын үнемі тексеріп отыру қажет. Қыс мезгілінде далада тұрған мұржаға мұз қатуы мүмкін, сондықтан оның мұзбен бітелмеуін үнемі тексеріп, мұржа қақпағын ашып, мұздан тазарту керек. Газ тұтыну жабдығын пайдалану кезінде улы газ тарағанда газ беруді өшіру автоматикасы бар дөңгелекпен сигналдатқыштарды орнатқаныңыз жөн.

**Есіңізде болсын!!!** Газ - оны дұрыс пайдаланбаған кезде ғана қауіпті! Қарапайым ережелерді сақтау Сіздің және сіздің отбасыңыздың амандығының кепілі!

## СОБЛЮДЕНИЕ ПРАВИЛ — ЗАЛОГ БЕЗОПАСНОСТИ!

С НАСТУПЛЕНИЕМ ХОЛОДНЫХ НОЧЕЙ ХОЧЕТСЯ ТЕПЛА И УЮТА В НАШИХ ДОМАХ, ПОЭТОМУ МЫ НАЧИНАЕМ ВКЛЮЧАТЬ ОТОПИТЕЛЬНЫЕ ПРИБОРЫ ДЛЯ ОБОГРЕВА ЖИЛИЩА, ЗАЧАСТУЮ ЗАБЫВАЯ О НЕОБХОДИМОСТИ СОБЛЮДАТЬ ОСТОРОЖНОСТЬ И ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ.

Пользуются газовыми приборами в помещении, где не обеспечен достаточный приток воздуха, при закрытых форточках, вентиляционных каналах, нарушении плотности кладки, штукатурки, вследствие чего не осуществляется вывод продуктов сгорания газа и в помещении накапливается угарный газ! Угарный газ – очень ядовитое вещество, способное даже в ничтожно малых концентрациях соединяться с кровью и вызывать отравление. При наличии 0,5 % угарного газа в объеме помещения уже через 20 минут человек может получить смертельное отравление! Правильная работа дымоходов и вентиляционных каналов – это ваша безопасность и здоровье, ведь наибольшее количество отравлений угарным газом вызывают именно нарушение или отсутствие тяги.

**ПОМНИТЕ!** Ответственность за безопасную эксплуатацию работающих газовых приборов и исправное состояние вентиляционных каналов и дымоходов несет владелец домов. К сожалению, регулярная профилактическая чистка и проверка состояния дымоходов владельцами не осуществляется. Необходимо регулярно проверять плотность, исправность оголовков и наличие нормальной тяги в дымоходе. В отопительно-зимний период снаружи на улице нужно проверять дымоход на факт обледенения и закупорки, открывать крышку люка дымохода и прочищать от льда.

При эксплуатации газопотребляющего оборудования обязательно устанавливайте сигнализаторы, реагирующие на утечки природного и угарного газов с автоматикой отключения подачи газа. Если Вы стали свидетелем самовольного подключения к газу или переноса газового оборудования, немедленно сообщите об этом по телефону 104. Оперативное информирование поможет снизить количество трагедий и повысить уровень безопасности для всех. Помните!!! Газ опасен только в случае неправильного обращения с ним! Соблюдение простых правил уберечь Вас и Ваши семьи от беды!

Өлеуметтік әмиян – Қазақстан азаматтарына көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Үкіметке 2025 жылдан бастап «Өлеуметтік әмиян» жобасын толық енгізуді тапсырды. Осы орайда аталған міндетті орындауға дайындық барысына шолу жасаған едік.

«Өлеуметтік әмиян» жобасы – 2020 жылы қолға алынды, атап айтқанда, коронавирус індеті етек жайған кезде, жұмыссыз қалған азаматтарға өлеуметтік қолдау ретінде 42 500 теңгеден беріле бастады. Дегенмен көп азамат есепшотты ашу жағынан қиындыққа тап болды.

2020 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында өлеуметтік төлемдер жүйесін цифрландыру қажеттігін айта келе, өлеуметтік әмиян енгізу бастамасын көтерді.

Жоба өткен жылдан бері азаматтардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, мектеп оқушыларын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру қызметтер ұсынып, пилоттық режимде іске асырылып келеді. «Өлеуметтік әмиян» қызметін пайдалану үшін App Store және Play Market дүкендерінде қолжетімді еGov Mobile қосымшасын жүктеп алу қажет. Президент тапсырмасы бойынша Үкімет 2025 жылдан бастап «Өлеуметтік әмиян» жобасын толықтай енгізу жұмыстарына кірісіп кетті.

«Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Еңбек және

# ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН: 2025 ЖЫЛЫ БІЗДІ НЕ КҮТІП ТҰР?

халықты өлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі және Оқу-ағарту министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Өлеуметтік әмиянның енгізілуін қамтамасыз етсін. Тиісінше, 1 желтоқсанға дейін Өлеуметтік әмиянға кіретін мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту керек», - деді Премьер-Министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында.

Жобада әр отбасыға өлеуметтік мөртебесіне қарай ұсынылатын барлық мемлекеттік қолдау түрлері болады. Сондай-ақ, қолдаудың нақты берілу фактісі негізінде мемлекет тарапынан көрсетілген көмек сомасы да көрсетіледі.

Оқушыларды тегін және жеңілдікпен берілетін тамақпен қамту Оқу-ағарту министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп отырып, еGov Mobile мобильді қосымшасында «Өлеуметтік әмиян» арқылы мектептерде тегін тамақтандыру бойынша пилоттық жобаны іске қосты.

Жоба ата-аналарға қызметті проактивті түрде алуға, балаларының мектеп асханаларына баруын бақылауға және жеңілдікпен тамақтану үшін цифрлық ваучерлерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Баланың мектепте тамақтанғаны жүйеде есепке алынады және бұл туралы ата-анасы да еGov Mobile мобильді қосымшасында «Өлеуметтік әмиян» арқылы ақпарат алады. Сондай-ақ, ата-ана

мемлекеттік қолдау шарасының сапасы туралы кері байланыс қалдыра алады. Соның негізінде қызмет көрсету актісі мен төлем шоты жасалады.

Мемлекеттік қаржыландыру тамақтану фактісі бойынша жүзеге асырылады және бұрынғыдай бастаушы сынып оқушыларының санына негізделмейді. Осылайша, өлеуметтік әмиян мемлекеттік қолдау шараларының атауы мен валидациясын ашық көрсетеді.

Қазіргі уақытта тамақтандыру есепке алу және тіркеу жүйелері 15 өңірдегі 250 мектепте жұмыс істейді. Жобаны кеңейту үшін мектептерді тамақтандыру есепке алу мен тіркеу жүйелерімен қамтамасыз ету және оларды «Өлеуметтік әмиян» жүйесімен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетсек, пилоттық жоба Ақмола, Маңғыстау облыстарында және Астана мен Шымкент қаласында сынақтан өтті. Одан әрі мектептердің дайындығына қарай біртіндеп енгізілмек.

«Өлеуметтік әмиян» арқылы тегін дәрі-дәрмекті қалай алуға болады?

Ол үшін еGov Mobile қосымшасында тіркеуден өтуі керек, ал бұрын тіркелген болса сәйкестендіруі тиіс. Өрі қарай, пациент басты бетте «Өлеуметтік әмиян» бөліміне кіріп, «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» жолын таңдайды.

Егде жастағы немесе сервис қызметтерін пайдаланмайтын азаматтар үшін емханаға барған кезде Фасе-

ID және веб-камералардың көмегімен сәйкестендіруден өту жеткілікті, содан кейін пациенттің қолына тиісті дәрі-дәрмек беріледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, «Өлеуметтік әмиян» арқылы дәрі-дәрмектерді электрондық түрде беру жөніндегі пилоттық жобаға ел бойынша 700-ден астам медициналық ұйым қатысады, 93 мың рецепт негізінде препараттар берілген.

Осылайша, енді науқастар қағаз рецепт алу үшін дәрігерге жазылуға уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, мейіргер кезексіз қажетті препаратты өз бетінше береді.

Сондай-ақ, ведомство сырқат жандарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде заңсыз айналым, бұрмалау және басқа да заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында «Өлеуметтік әмиянды» пайдалану қолжетімділік пен толық ашықтықты қамтамасыз ететінін айтып отыр.

«Өлеуметтік әмиян»: әр азаматқа қандай мемлекеттік қолдау түрлері тиесілі екені туралы хабарлама жіберіледі. Сонмен 2025 жылдан бастап елімізде «Өлеуметтік әмиян» жобасы толық енгізіледі. Қазір аталған жобаны цифрландыру процесі қалай жүріп жатыр? Осыған жауап іздеп Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне ресми сауал жолдаған едік. «Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бізге мемлекеттік қолдау шараларын алуға тиісті азаматтарды ғана емес, олардың

көлемін де анықтауға мүмкіндік береді. Көптеген азаматтар қандай мемлекеттік қолдау шаралары тиесілі екенін білмейді. «Өлеуметтік әмиян» - мемлекеттік қолдау шараларының барлық түрі туралы хабарлаудың, ұсынудың және есепке алудың бірыңғай платформасы. Бұл платформаға кезең-кезеңімен мемлекеттік қолдау шаралары көшіріледі және әрбір азаматқа қандай мемлекеттік қолдау түрлері тиесілі екені туралы хабарлама жіберіледі», - делінген ведомство жауабында.

Ақпаратта айтылғандай, бұл жоба цифрлық технологияларды енгізу есебінен өлеуметтік көмек құралдарын мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге, яғни төлемдердің мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Осылайша, азамат мемлекеттік қолдаудың барлық түрін ғана емес, сонымен қатар мемлекет шығындарының мөлшерін де көреді», - дейді министрліктен.

Өлеуметтік әмиянға түскен төлемдерді қолма қол ақшалай шешіп алуға немесе банктегі жеке шотына аударуға болмайды.

«Бастапқыда «Өлеуметтік әмиян» жобасы арқылы ақшалай емес, нақты шаралар түрінде көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Мысалы, ыстық тамақ, дәрі-дәрмек немесе мүгедектігі бар адамдарға техникалық құралдар және тағы сол сияқты қызмет түрлері. Ал мемлекеттік қолдау шаралары аясында көрсетілген қыз-

меттерге жұмсалған сома қорытынды есепте көрсетіледі», - деп түсіндірді Цифрлық министрліктен.

«Өлеуметтік әмиян» жобасына цифрлық теңге енгізілмек.

«Қазіргі таңда Ұлттық банк Қаржы министрлігімен бірлесіп цифрлық теңге платформасын жүзеге асыруда. Осы орайда Қазынашылық комитетінің қатысуымен «Өлеуметтік әмиян» жобасы шеңберінде ваучерлермен цифрлық теңгемен есеп айырысу мүмкіндігі беріледі. Бұл бастама өлеуметтік төлемдерді автоматтандыру, әкімшілендіру және есепке алу процесстерін жеделдетуге, өлеуметтік көмектің айқындығын, сонымен қатар үшінші тұлғалар тарапынан өндіріп алу мен тыйым салудан сақталуына кепілдік береді», - делінген сауал жауабында.

Айта кетсек, ведомствоның бізге ұсынған дерегіне сәйкес, «Өлеуметтік әмиян» жобасы аясында мемлекеттік қолдау шаралары кезең-кезеңімен нормативтік-құқықтық актілерді сәйкестендірумен қатар жүргізіледі. Осылайша оның функционалдығын кеңейту жоспарланып отыр.

Азаматтардың жеке деректері қалай қорғалады?

«Қазіргі уақытта «Өлеуметтік әмиян» «Электрондық Үкіметтің» «e-Gov mobile» мобильді қосымшасы аясында жеке қызмет ретінде іске қосылды. Осы орайда азаматтардан «Өлеуметтік әмиян» жобасына жеке авторизация талап етілмейді. Жеке деректерді қорғау, сақтау және өңдеу барлық деңгейде қамтамасыз етіледі», - деп сендірді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

## „НАШАҚОРПЫҚ – ҚЫПМЫСТЫҢ БАСТАУЫ“

НАШАҚОРПЫҚ – БАРЛЫҚ ҚЫЛМЫС ПЕН ҚАТЫГЕЗДІКТІҢ, МЕЙІРІМСІЗДІК ПЕН ДІНСІЗДІКТІҢ БАСТАУЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА БҰЛ ДЕРТКЕ ШАЛДЫҚАҢДАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ ЖАСТАР. ЯҒНИ, НАШАҚОРЛАРДЫҢ 60 ПАЙЫЗЫН ЖҰМЫССЫЗ, ЖЕҢІЛ ТАБЫСТЫ КӨЗДЕЙТІН ЖАС ӨСПІРІМДЕР ҚҰРАП ОТЫР.



Есірткіге құмар адамдар – олар ауру адамдар, есірткінің дәмін татып, оның бір сәттік алдамшы ләззатына бой алдырып, тәуелді болып, нашарқор атанған адамдар ақыл-ой, сана-сезім, ар-ождан, намыс-ұят секілді адами қасиеттерден жұрдай болып, өзі түскен шыңыраудан шығатын күш-қайрат таба алмайды.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда облыс көлемінде есірткіні өндіріп, жарнамалау, насихаттау, пайдалану, өткізу және оны сақтау бойынша 321 қылмысы орын алса, соның ішінде Ойыл ауданы аумағында 2 қылмыс дерегі тіркелді.

Мәселен, өткен ақпан айында Ақтөбе қаласында автотұрақ аумағында автокөліктен 60 келіге жуық марихуана есірткісін салған 2 қатысушы қолға түсті, нәтижесінде сот қылмыстық істің 2 қатысушысында 11 жылға бас бостандығынан айырды.

Сондай – ақ, биылғы жылдың өткен кезеңінде аудан

неде бөртпе пайда болады. Суық тию сияқты мұрын бітуі және тамақ ауруы, өкпенің қабынуы, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы болуы мүмкін. Алғашқы белгілер пайда болғаннан кейін бір күннен кейін адамның жағдайы күрт нашарлайды.

Менингококк инфекциясы аурушандығы кезеңдігімен сипатталады – қыста және көктемде аурушандық жоғары. Өзіңізді және балаңызды менингит тудыратын инфекциядан қалай қорғауға болады: Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде катаралдық құбылыстармен (тамақ қызарып, дене қызуының кө-

аумағында аудан прокуратурасының үйлестіруімен аудандық полиция бөлімімен есірткі қылмысының алдын алу мақсатында «Қара сора» профилактикалық жедел іс-шарасы өткізіліп, Ойыл ауданының 2 тұрғыны есірткіні сақтау және оны тұтыну кезінде қолға түсті, нәтижесінде Ойыл аудандық сотымен аталған 2 тұлғаға қатысты үкім шығарылды.

Теріс салдарды болдырмау үшін Ойыл ауданының прокуратурасы есірткі құралдарын психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз жарнамалау, насихаттау, дайындау, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу мақсатында тасымалдау, жөнелту не өткізу үшін қылмыстық жауапкершілік көзделгенін, кінәлілерді өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін жаза күтіп тұрғанын еске салады.


Есірткіні сату, оны жарнамалау және насихаттау көбінесе әртүрлі әлеуметтік желілері арқылы жүзеге асырылуда.

Сондықтан ата-аналар жасөспірімдер жиі кіретін интернет-сайттарға назар аударып, олардың мінез-құлқын бақылап отыруы қажет.

**Ойыл ауданының прокуратурасы**

## МЕНИНГИТТІҢ АЛДЫН АЛУ

МЕНИНГИТ - БҰЛ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ, МИ МЕН ЖҰЛЫН ҚАБЫҒЫНЫҢ ҚАБЫНУЫ. БҰЛ ӨЗДІГІНЕН БАСҚА ДА ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЯСЫНДА ПАЙДА БОЛАДЫ. МЕНИНГИТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ СЕРОЗДЫ ЖӘНЕ ІРІНДІ. ОЛАР АУРУДЫҢ АУЫРЛЫҒЫ МЕН САЛДАРЫ БОЙЫНША ӨТЕ ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ.



Аурудың инкубациялық кезеңі 2-ден 10 күнге дейін.

Менингиттің қоздырғыштары вирустық, бактериялық және саңырауқұлақ инфекциялары болып табылады. Менингит белгілері тез дамиды және оларды анықтау 40 градусқа дейін көтерілуі, бұлшықеттер мен буындардың ауруы, жалпы әлсіздік. Бірақ басты белгі – бас ауруы, жүрек айнуы мен қатты құсу пайда болады (субұрқақ төрізді). Науқас қатты дыбыстардан және жарқын жарықтан зардап шегеді, басын кеудеге қайып еңкейтеді, аяқтарын тізеден жазған кезде қатты ауырсынуды сезінеді. Көбінесе де-

терілуі, бас ауруы, әлсіздік) дәрігерге көріну қажет, оның барлық ұсыныстарын орындаңыз.

- Тек қайнаған немесе бөтелкедегі суды ішу қажет. Инфекцияны болдырмау үшін қолды мұқият жуу өте маңызды.

Түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға, жұзу бассейндері, сауда ойын-сауық орталықтарында ойын алаңдарына баруды шектеу, жеке гигиенаны сақтау қажет. Ғимараттардағы бөлмелерді жиі желдетіп, ұйымдасқан ұжымдарда ылғалды жинау жүргізу.

Созылмалы инфекция ошақтарының санация жүргізуі маңызды, балалар жасында бұл жиі ЛОР-органдарына қатысты, сондықтан балаларды оториноларингологтарға тұрақты апару тиіс және мүмкіндігінше алдын-алу мақсатында.

Қазіргі уақытта гемофильді және менингококктың инфекциядан туындаған ауруларға қарсы вакциналар бар. Қазақстанда балаларды пневмококк инфекциясына қарсы вакцинациялау Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген профилактикалық егу мерзімдеріне сәйкес, пневмококк инфекциясына қарсы үш мәрте вакцинациялауға өмірінің 2 айынан бастап, одан әрі 4 айында кейіннен 12-15 айында вакцинаның бір дозасымен ревакцинациялауға жатататын барлық балалар жатады.

Ауруды әрқашан емдегеннен алдын алған жеңіл екендігін есте сақтау қажет!

**Ойыл аудандық санитариялық бақылау басқармасы**

### АКЦИЯ

## ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН

«Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою» туралы Конвенция ережесіне сәйкес, жыл сайын 25 қарашада «Әйелдерге қатысты зорлық зомбылықсыз 16 күн» акциясын өткізе отырып, «халықаралық зорлық зомбылық көрсетуді жою күні» деп те, атап өтілінеді.

Акцияның мақсаты - зорлық зомбылықты ескерту және жолын кесу, ана мен баланы қорғау, қоғамдағы отбасының рөлін нығайту, қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру.

Іс шара барысында елді мекендерде полицияның қоғамдық көмекшілерін, жастар бірлестіктерін тарта отырып, отбасылық құндылықтарды насихаттау жөніндегі іс шаралар жүзеге асырылады.

Консультативті - психологиялық және заңгерлік көмекті тегін ұсынып, қажет болған жағдайда жәбірленушілерді медициналық көмек көрсетілуі үшін медициналық мекемелерге жіберіледі, уақытша баспана береді, осы ретте тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының толық қауіпсіздігі мен анонимділігін қамтамасыз етеді.



Балалары бар әйелдер дағдарыс орталықтарында жарты жылға дейінгі мерзімде бола алады.

Сонымен қатар, мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп ана мен баланы қорғау, қоғамдағы отбасының рөлін нығайтуға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Осы ретте, тәртіп

сақшылары тұрғындарға жақын туысыңыз немесе өзіңіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайда, мемлекет тарапынан бірқатар маңызды көмек түрін тегін ала алатыныңызды еске салады.

**Айбөбі ҚҰСПАНҚЫЗЫ,**  
**Ойыл ауданы ПБ ЖПКБ Әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты.**

## ҚАУІПТІ МҰЗ!



Күз мезгілінде ауа температурасы төмендеген сайын су қоймалары адам өміріне қауіп төндіретін жұқа мұзбен қапталады.

Бұл кезеңде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтап, мұздың үстінде қауіпсіз тұру үшін мұздың қалыңдығы: - бір адамға 6-7 см кем емес;

- топтасқан адамдарға 20-25 см;  
- жеңіл көлікке 25-30 см;  
- 5 тоннадан аса автокөлікке 50-60 см;  
- ауыр техникаға 80-100 см.

Тұрғындар! Мұзға шығар алдында оның кестеге сәйкес қауіпсіздігін тексеріп алыңыз.

Жылы су қашыртқысы болатын су қоймалары аса қауіп туғызады, себебі, бұл су қоймаларында қыс бойы мұз үсті шайылып, шұңқыр мен жылым құрап, мұздың қалыңдығы тұрақсыз болып келеді.

Балықшыларға жалғыздан балық аулауға шықпауға, мұз үстінде жүрген кезде бір-бірінен ара қашықтық 5-6 метр болуға, сонымен қоса өзімен бірге мұз астына түсіп кетер қауіпте көмек көрсетуге арналған диаметрі 10 мм кем емес шетінде салмағы 0,5 кг, ұзындығы 8-10 метр болатын капронды жіп пен пенопласт алып жүруге кеңес береміз.

Балық аулау кезінде ауа райы бұзылғанда: жел, боран, бұрқасын, тұман және т.б. болғанда қиын жағдайға тап болмас үшін бірден су қоймасынан кету керек.

**Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

## ОБА АУРУЫ

Оба – адамзатқа ертеден белгілі ең қауіпті жұқпалы ауру. Оба – антропоозды, яғни жануардан адамға таралуға қабілеті бар аса қауіпті ин-рантиндік табиғи ошақты инфекциялық ауру. Обаның табиғи ошақтары Қазақстанның 41 % жерін қамтыса, Ақтөбе облысы аумағындағы обаның табиғи ошағының жалпы көлемі 139 мың ш/м, яғни облыс аумағының 46 % құрайды. Ойыл ауданы бойынша обамен қолайсы эпизоотологиялық аумаққа Қараой, Сарбие округтері жатқызылған. Осы аумақтағы контингенттер жыл сайын обаға қарсы вакцинацияланады. Ауылдық жерлерде адамдардың оба инфекциясын жұқтыру қауіпі негізінен далалық жұмыстар, далада демалу кезінде бұл-ге шағуынан және түйе малы арқылы жұғуы мүмкін.

Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады.

Оба инфекциясының берілу жолдары:

- Трансмиссивті (кенелер, бургелер шағу арқылы беріледі)
- Ауа-тамшылы (обаның өкпелік формасымен ауырған науқастан)
- Жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда)


Ауру қоздырғышы бүргелермен тасымалданады, негізгі сақтаушысы кеміргіштер. Обаның микробы жұққан жағдайда ауру белгілері 2-6 күннен соң біліне бастайды. Дене қызуының көтерілуі, бас ауыруы, лоқсу, сандырақтау белгілері көрінеді. Ауру кейде жеңіл өтуі де мүмкін. Ауру белгілері оның жұғу түріне байланысты болады. Аңның, тышқанның (қосаяқтың) терісін, обадан өлген түйені сойғанда жұқса, ол адамның қолтық пен тамақ бездері іседі. Ал бұлге, кене арқылы жұққан болса, шаққан жерге таяу бездер ісініп, қабынады, аяқтан шақса адамның шап бездері, кеудеден, қолдан немесе мойыннан шақса сол адамның

қолтық, тамақ бездері іседі. Қабынған бездерде қатты ауру пайда болып, қол тигізбейді. Без обасы асқынған кезде адамның өкпесіне шабады. Мұндай жағдайда науқас жөтелгенде, шашалғанда қан аралас қақырық тастайды. Ауру адамның сілекейіндегі микробтар үй ішіне тез таралып, сау адамдарға жұғуы мүмкін.

Аурудың алдын-алу шаралары:

Тұрғын үйдің іші мен айналасында тазалықты сақтап, тышқандар мен бүргелерді жою шараларын жүргізу. Жалпы ауылшаруашылық жануарларын, соның ішінде түйе соятын болсаңыз, ветеринарға хабарлап тексеруімен, рұқсатымен сою қажет. Тексеруден өткізгеніңіз дұрыс. Вакцинация - оба ауруынан сақтанудың ең тиімді жолы. Екпені жоспарлы түрде және эпидемиялық көрсеткімдер бойынша жасайды.

**Ғ. ҚҰБАЕВ,**  
**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.**



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1502 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

**ТӨРТ АУЫЛДЫҢ ТІЛЕГІ БІР – ЖОЛ ҚАТЫНАСЫ**



Аудан әкімі өңірдегі төрт ауылда тұрғындармен кездесу өткізіп, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды талқылады. Әкім есеп беру барысында ауылдық жерлердегі өзекті мәселелерді назарға алып, оларды шешу жолдарын ұсынды. Мәселен, Шұбарши ауылындағы негізгі мәселелердің бірі – су тасқынына дайындық жұмыстары және оның алдын алу. Негізгі жұмыс су бөгетінің жалпы жағдайын тексеру, оның деңгейін көтеру. Бұл бастама су тасқыны қаупін төмендетіп, ауыл шаруашылығы үшін су қорын жасақтауды көздейді. Сонымен қатар, "Күміс жас"

бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде еңбек ететін азаматтарға қолдау көрсету жоспарлануда. Күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі - мал ауруларына қарсы шаралар жүргізіліп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ауыл тұрғындарын толғандырған мәселе аудан орталығымен қатынас. Аудан әкімі жол мәселесінің өзектілігін мойындады және оны шешуге жұмыстар жасалып жатқанын айтты. Мәселен, көршілес Қызылқоға ауданына қатынайтын жол құрылысының жүріп жатқанын, әкім бұл мәселені бақылауда екенін атап өтті. Есептің соңын ауылды су та-

сқынына дайындық жұмыстары, медициналық пункт пен апатты жерлерді қорғау үшін айтылып, мәдениет үйін жөндеу жұмыстарының басталатыны хабарланды. Көптоғай ауылындағы есепті аудан әкімі ауыл тұрғындарына тасқын кезіндегі көрсетілген көмек үшін алғысын білдіруден бастады. Алайда, негізгі сауалдар ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту мәселесі болды. Әкім өз кезегінде "Күміс жас" бағдарламасын атап өтті. Сонымен қатар, мектептің жылыту жүйесін ретке келтіру және газ құбырларын тарту мәселелері ерекше назарға

алынды. Тұрғындарды толғандырған жол жағдайы мен дамбыларды көтеру жұмыстары да аудан басшысының бақылауында екені айтылды. Қарасу ауылында жол жағдайы негізгі мәселе ретінде талқыланды. Қар немесе жаңбыр жауған жағдайда ауылдың аудан орталығымен байланысы қиындайтыны айтылды. Осыған орай, дамбыларды көтеру және жол мәселесі күн тәртібіне енгізілді. Сондай-ақ, ауылдағы жарықтандыру жұмыстары мен халық санын арттыру, жас мамандарды ауылға тарту мәселелері әкімдік тарапынан қолдауға ие болады деп уәде берілді. Аманкелді ауылындағы тұрғындар да жол сапасы мен газ құбырларын тарту мәселесін көтерді. Әкім бұл мәселелерді шешу үшін тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын және жақын арада шешімін табатынын мәлімдеді. Кездесу соңында аудан әкімі ауыл тұрғындарын белсенді болуға шақырып, көтерілген әрбір мәселенің шешімін табуға бар күшін салатынын жеткізді. Әрбір ауылдың проблемасы әкімдіктің жұмыс жоспарында нақты көрсетіліп, оларды шешу мерзімі алдағы уақытта анықталмақ. Аталған есептер халық пен биліктің тығыз байланысының маңыздылығын көрсетіп, жергілікті проблемаларды шешуге жаңа серпін береді деп күтілуде.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Энергосистема» ЖШС-нің Ойыл аудандық учаскесінің басшылығы осы жылдың 28-30 қараша күндері Сарбие, Қараой ауылдық округтерінде жоғары кернеулі ВЛ-35 желісіне жөндеу жұмыстары (электр бағаналарын ауыстыру) жүргізілуіне байланысты таңертеңгі сағат 9.00-ден кешкі 17.00-ге дейін электр қуатының уақытша ажыратылатындығын ескертеді!  
**«Энергосистема» ЖШС-нің Ойыл аудандық учаскесінің басшылығы**

**«ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТ - ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛ!» АКЦИЯСЫ**

**ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТ ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛ**

AMIAN қолданбасы арқылы түбіртектерді сканерлеп, жүлдені ұтып ал

Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2024 жылғы 4 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін «Чекті талап ет - жүлдені ұтып ал!» акциясының өткізілетіні туралы хабарлайды. Акцияны өткізу кезеңінде өңірдің әрбір тұрғыны көз келген сатып алу немесе ақылы қызмет алу арқылы смартфондар мен бағалы сыйлықтардың иегері болуға мүмкіндік алады. Тек «Amian» мобилді қосымшасында тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге

ақы төлегені үшін чектерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының чектері қатысады. Бұл акцияны өткізудің мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тұтынушылар ретінде өз мүдделерін қорғау мәселелерінде азаматтардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу, келеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту болып табылады.

**Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы**

**«ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ!»**



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен осындай тақырыпта 2023-2024 жылы әртүрлі салаларға жұмысқа орналасқан жас мамандар мен жастар тәжірибесінде еңбек етіп жүрген жастарға арналған еркін форматта пікір алмасу мақсатында кездесу өтті. Кездесуге Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, Ойыл аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин мен тиісті салалық бөлім басшылары қатысты. Орталық басшысы Жангүл Ізгарина кездесуді модератор ретінде жүргізіп отырды. Алғашқы сөз кезегінде аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен За-

ймолдин аудан орталығынан, барлық ауылдық округтерден қатысып отырған жас мамандарға аудандағы жастар тұрақтылығы, мемлекет тарапынан жастар үшін жасалып жатқан жеңілдіктер мен бағдарламалар туралы айтса, салалық бөлім басшылары өз салалары бойынша жастарға қатысты жаңалықтарды айтып, жастар тарапынан қойылған нақты сұрақтарға тұшымды жауаптарын берді. Аудандық орталық ауруханасының психологы Ақнұр Жауғашарова тренинг ұйымдастырып, жастарды бір сергітіп алды. Кездесуде жастарға қатысты мемлекеттік қолдаулар туралы айтылды. Атап айтсақ, жастарды қолдауға бағытталған 2,5%-дық шағын неси-

елер, сонымен қатар "Жастар тәжірибесі", "Алғашқы бос жұмыс орны", "Әлеуметтік жұмыс орны", "Бастау-Бизнес", "Дипломмен ауылға" "Мемлекеттік қызмет" туралы толық ақпарат берілді. Сондай-ақ, аудан жастарын салауатты өмір салтын ұстануға, еріктілер қатарына қосылуға, мәдени-қоғамдық шараларға белсенді қатысуға шақырды. Жастар кездесуде өз ой-пікірлерін ашық білдіріп, түрлі ұсыныстарын ортаға салды. Олардың белсенділігі мен жауапкершілігі ерекше. Әр айтылған пікірлер мен ұсыныстар назарға алынды. Кездесу соңында жас психолог Толқынай Сиябаева жастарға қызықты тренинг ұйымдастырды.

**ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП**

Қазақстанның екі мегаполисінде бет-әлпетті тану жүйесі жұмысын бастады. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі Қазақстанның екі қаласында іске қосылды. Инновациялық жоба Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ынтымақтастығымен әзірленді, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі жасанды интеллект технологияларының қолданылуымен іздеудегі адамдарды тануға, қоғамдық орындарда қалдырылған заттар туралы сигнал беруге, құқық бұзушылықтарды автоматты режимде тіркеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ компьютерлік бағдарлама көлікті маркасы, моделі және түсі бойынша сәйкестендіреді алады.

«Ақылды» камералардың назарында теміржол вокзалдары, әуежайлар, қонақ үйлер, көшелер және сауда ойын-сауық орталықтары сияқты нысандар бар. Жүйе өз тиімділігін көрсетті. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу кезінде елорданың қоғамдық орындарында жоғалған балаларды, сондай-ақ есепте тұрғандар мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды жедел табуға мүмкіндік туды. Бейне-талдау жүйесінің көмегімен Астанада іздеуде жүрген 46 құқық бұзушы жедел түрде анықталып ұсталды. Осыған ұқсас жұмыс Алматыда жүргізіліп жатыр. Онда осындай 30 адам анықталып құрықталды. Енгізілген технологиялар – ақылды қалаларды құруға жасалған қадам. Олар қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырып, қылмысты азайтуға көмектеседі.

Мұндай жүйелер Қытайда, Ресейде және Еуропа елдерінде белсенді қолданылады. Қазақстан үздік тәжірибелерді игеріп, осы әлемдік үрдістің бір бөлігіне айналуда. Алдағы уақытта камералар санын ұлғайта отырып, бейнемониторингті кеңейту жоспарланып отыр. Бұл кезек-кезеңімен жүргізілетін болады. Бүгінгі таңда меншік түріне қарамастан елімізде 1 млн 359 мың бейнекамера бар, оның 310 мыңы жедел басқару орталықтары және полицияның кезекші бөлімдеріне ұсталды. Инновациялық жобалардың қылмысқа қарсы іс-қимылда және адамдар көп жиналатын жерлерде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмегі зор. Іске қосылған жүйелердің басты мақсаты – әрбір азаматтың заң мен тәртіп орнаған қоғамда өзін қауіпсіз сезінуіне жағдай жасау.

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ТАҒЫ ДА ПЫСЫҚТАЛДЫ**

**АУДАНЫМЫЗДА «ҚЫС-2024» ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫ ӨТТІ. ШАРА БАРЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ.**



Оқу-жаттығу жұмыстарының жоспары бойынша Ойыл ауылынан 15 шақырым жерде орналасқан автомобиль жолында боран болып, қардың қалыңдығы және төмен температура салдарынан 2 шақырым аумақты қар басып, үш көлік қар құрсауында қалды. Құтқару шарасына өртке қарсы қызметі, қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі, жол және медициналық қызметтері жұмылдырылды. Келесі кезекте іс-шараның жоспары бойынша ауа температурасының төмендеуі салдарынан аудан орта-

лығындағы су құбырында ақау пайда болып, тұрғындарға су жеткізу уақытша тоқтатылды. Инженерлік қызметтер бұл мәселені шұғыл шешу үшін жұмылдырылды. Жаттығу жұмыстарының 3 кезеңі бойынша жанармай бекетінде қысқы ауа райының қолайсыздығы мен төмен температура жағдайында өрт орын алды. Өртке электр желілерінің қысқа тұйықталуы себеп болған. Қауіпті аймаққа өрт сөндіру қызметтері мен инженерлік бөлімшелер тартылып, төтенше жағдай жедел жой-

ылды. Жалпы, оқу-жаттығу шараларына барлығы 296 адам және 94 техника жұмылдырылды. Шараның басты мақсаты – қысқы мезгілдегі төтенше жағдайларды жоюға дайындық деңгейін арттыру, үйлестіру жұмыстарын жетілдіру болды. Бұл жаттығулар облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бақылауымен өткізілді. Аталған шаралар төтенше жағдайлар кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

**ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025**

**АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!**

<b>ИНДЕКС</b>	<b>ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ</b>	<b>6 АЙ</b>
<b>65525</b>	<b>ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА</b>	<b>3515,22</b>
<b>66525</b>	<b>ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА</b>	<b>6796,86</b>
<b>67525</b>	<b>ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА (БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)</b>	<b>3070,90</b>

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ) 2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)**